



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

деятельность банков, ситуация неуклонно меняется к лучшему.

Сегодня все больше банков делает ставку на профессионализм своих сотрудников и новые технологии.

Список использованных источников

1. Усоскин В.М. Современный коммерческий банк: управление и операции. – М.: ИПЦ «Вазар-Ферро», 2009, 325с.
2. Кулекеев Ж.А., Джексебаев Л.Н. Государственные ценные бумаги в экономике Казахстана. Уч. пособие. – Алматы: КазГАУ, 2011, с.412.

ӘӨЖ 336:947.15

БАСҚАРУ ЕСЕБІНДЕГІ РЕЛЕВАНТТЫҚ ШЫҒЫНДАР ЕСЕБІ

Шолпанқұл Бекболат

bekbolat_94kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Экономика Факультеті, ЕА-33 тобының студенті, Астана қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші- Кайранбеков Б.О.

Күрделі өндірістік құрылымы бар кәсіпорын шығындарды және басқарушылық нәтижелерді оңтайландыруға негізделген басқарушылық шешімдерді қабылдауға қажетті оперативті экономикалық және қаржылық ақпараттарға мұқтаж. Өкінішке орай, өндірісті ұйымдастыру мен дамыту жөніндегі басшылықпен қабылданатын шешімдер талапқа сай есептеулерге негізделмейді, бұл шешімдер әдетте, интуитивті сипатта болып келеді.

Кәсіпорынды жедел басқаруға қажетті ақпарат бухгалтерлік тәжірибенің болашақтағы және жаңа бағыттарының бірі болып саналатын басқару есебінің жүйесі құрамында болады.

Жалпы балама шешімдерді қабылдау процесін қарастыра отырып, басқару есебінің ақпараттары шешім қабылдау процесіндегі ерекше ықпалын байқауға болады. Шешім нұсқаларының біреуін таңдау әрбір нұсқаның қаржылық талдауының қажеттілігін айқындайды (оның шығындарын және түсімін). Егер түсім шығындардан артық болса, онда максатты шешімді қабылдаған жөн. Шешімнің басқарушылық нәтижелері негізгі ақпарат болуы мүмкін, сондықтан шешімдердің орындалуына жауап беретін басшы толық оларды ұғынуы керек. Басқарушылық мәліметтерді толық емес түсіну қате шешімге әкеледі және кәсіпорын жағдайы үшін өте қауіпті нәтижелерге әкеліп соғуы мүмкін. Жасалған қызметтер нәтижесінде балама нұсқалардың іс-әрекеті жөніндегі басқарушылық мәліметтерді алу оңай болып көрінуі мүмкін. Мүмкін болатын баламаларды анықтау, балама шешімдерді сәйкестендіру және бағалау жиі болмайды. Мұндай жағдайда тиімді баламалы нұсқалардың қайсысын анықтауға болады? Мұндағы қатер - басқарушылық мәліметтердің субъективті түсініктерде құралатындығында, сондықтан баламалы есептеулерге қажет бастапқы мәліметтерді алу мүмкін емес. Одан басқа, шешімдер болашаққа негізделгендіктен сәйкес келетін қаржылық мәліметтер тек бағалануы мүмкін және мұндай бағаларда жасалған талдау нақты болмайды. Бұл мәселенің шешімі белгісіздік параметрлерін қосу көмегімен анықталады.

Шешімді бағалаудың басқарушылық нәтижелері негізінде дұрыс шешімді таңдау мәселесін қарастырамыз. Бірақ, сонымен қатар басқа да өндірістік емес факторлар маңызды болуы мүмкін, мысалы, шешім қабылдау мезгілі, бәсекелестердің әрекеті және жұмыскерлердің біліктілігі. Шешім қабылдайтын басшы үшін, сапалық және басқарушылық ойлардың арасында келіспеушілік болуы мүмкін. Өндірістік мәліметтердің нақтылығы сандық емес мәліметтерге қарағанда ерекше маңызды деуге болады[1].

Релеванттық және релеванттық емес шығындар - оңтайлы басқару шешімін іріктеуде

назарға алынатын шығындар. Мұндай талдауда тек шамасы осы немесе басқа шешімдерге байланысты шығындар ғана ескеріледі. Мұндай шығындар релеванттық деп аталады, яғни елеулі немесе маңызды деп саналады. Шамасы қабылданған шешімге тәуелді болмайтын шығын релеванттық емес (иррелевантты) және нұсқаларды бағалау барысында ескерілмейді. Шығындарды релеванттық және релеванттық емес деп бөлудің негізінде мына аспектілер талданады:

- әлдеқайда төменгі баға бойынша қосымша тапсырысты қабылдаудың мақсатқа лайықтылығы;
- "сатып алу әлде өндіру" жағдайы;
- шектеу (лимит) факторлары бар кәсіпорынның өндірістік бағдарламасы;
- өндірістің зиян шектіруші элементін (немесе басқаны) таратудың; мақсатқа лайықтылығы [2].

Релеванттық, әдетте, өзгермелі шығындар болса, ал иррелевантты - тұрақты. Алайда, өзгермелі шығындар иррелевантты ретінде болатын жағдайлар да болуы мүмкін.

Мысалмен көрсету үшін кәсіпорын мысалында көрсетуге болады. Кәсіпорынның басқа өнім өндіруі үшін пайдалануға немесе сатуға жарамайтын бұрын сатып алған материалдары бар делік. Осыған орай осы өнім өндіріле ме, жоқ, өндірілмей қала ма, бұған қарамастан материалға кеткен шығын шамасы өзгермейді. Кәсіпорын өндірістік сипаттағы ұйғарым бойынша да уақытша шамадан тыс жұмысшы күшін ұстай тұруға болады, осыған орай, әрине, олардың белгілі бір еңбекақы деңгейін қамтамасыз етеді. Егер бұл жұмысшы күшін қандай да бір өнім өндіруге пайдаланатын болса, олардың белгілі бір деңгейге сәйкес еңбекақы шығыны иррелевантты болып табылады, өйткені ол кез келген жағдайда жүзеге асырылуы ықтимал. Релеванттық тек осы деңгейден тыс еңбекақының қосымша шығыны ғана жатады, өйткені өнім өндіруші жұмысшылардың еңбекақысы олардың жай немесе толық емес жұмысбастылығынан жоғары болуы керек.

Сонымен, тұрақты шығындар релеванттық сипатта, яғни қабылданған шешімге байланысты болуы мүмкін. Шығындар мен пайдаларға қатысты релеванттылықтың мәні кез-келген шешімдердің екі негізгі қасиеттерімен негізделеді:

- 1) олар баламалы іс-әрекеттердің арасындағы таңдауды негіздейді;
- 2) болашақпен байланысты.

Басқару аясында кеңестік қызметтер көрсететін А және С компаниясы жаңа клиенттермен мерзімі бір ай болатын келісім-шарт жасау туралы сұрақты қарастырады. Штаттық қызметкерлер болжанатын жұмыстың жартысын ғана орындай алады. Келісім-шарт бойынша барлық міндеттерді орындау үшін қосымша мамандарды тарту керек. В және С компаниясының тұрақты қызметкерлеріне еңбекақы бойынша айлық шығындары 15000 теңге, жаңа келісім-шарт жасалуға тәуелсіз олардың еңбекақы мөлшері өзгермейді. Штаттан тыс кеңесшіні тарту 10000 теңгеге шығады. Жаңа клиент компанияға 30000 теңге төлеуді ұсынды. Жаңа келісім-шарттың жасалуына тәуелсіз В және С компаниясының осы ай ішінде орындалатын басқа жұмыстары үшін түсімі 250000 теңгені құрайды [3].

Осы мысалды қарастыра отырып, бірінші қасиеті бойынша екі балама туындайды: «келісім-шартқа отыру» және «келісім-шартқа отырмау». Әр жағдай бойынша шығындар мен пайдалар келесі түрде болады. (1 кесте).

Кесте 1-Келісім - шартқа отыру (отырмау) кезіндегі пайданы анықтау

Шығындар	Келісім - шарт жасалған (теңге)	Келісім-шарт жасалмаған (теңге)
Еңбекақы:		
Тұрақты қызметкерлерге	15 000	15 000
Штаттан тыс қызметкерлерге	10 000	0
Жиынтық шығындар	25 000	15 000
Пайда:		
Түсімдер:		

Басқа да жұмыстар	250 000	250 000
Жаңа келісім - шарт бойынша	300 00	0
Жиынтық пайда	280 000	250 000

Екі нұсқа бойынша жиынтық шығындардың айырмашылығы 10 000 теңгені құрайды. Бұл релеванттық шығындар: 10 000 теңгеге келісім-шарт жасау туралы шешім баламалыға қарағанда қымбаттырақ болады.

Екі жағдайда да тұрақты қызметкерлердің еңбекақысы бірдей екендігін ескеру керек. Ол берілген шешімді қабылдауға тәуелді емес, яғни релевантты емес. Еңбекақы 10000 теңгені құрайтын қосымша шығындар релевантты болып табылады, себебі олар келісім-шарт жасағанда ғана туындайды.

Әр баламалы шешімдердің пайдасын талдай отырып, релевантты пайда 30 000 теңгені құрайды деген қорытындыға келуге болады, себебі қосымша түсімді беріп отыр.

Келісім-шартты жасау жөніндегі шешімнің басқарушылық негіздемесін бағалау үшін таза релеванттық шығындарды немесе берілген шешімді қабылдаудың тиімділігін анықтау қажет (2 кесте).

Кесте 2-Релеванттық пайда есебі

Көрсеткіштер	Сомасы (теңге)
Релеванттық пайда	30 000
Релеванттық шығын	10 000
Келісім - шартқа отырудан таза релеванттық пайда	20 000

Шешім таза релеванттық пайда әкелетіндіктен, қаржылық көзқарас бойынша ол өтеулі. Сонымен қатар кері шешім үшін де релеванттық шығындар мен пайданы талдауымызға болады (3 кесте).

Кесте 3-Таза релеванттық шығындар есебі

Көрсеткіштер	Сомасы (теңге)
Релеванттық пайда (штаттан тыс қызметкерлерге еңбекақы төлеуден үнемділік)	10 000
Релеванттық шығындар (түсімді жоғалту)	30 000
Таза релеванттық шығындар	20 000

Бұл мысалды талдау релеванттылық анықтамасының бірінші бөлігін ғана береді. Балама шешімдердің релевантты шығындар мен пайдасы әртүрлі болуы тиіс [4].

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, басқару есебі - бұл жоспарлау, бақылау, шығындар жөнінде және объектілерді басқару үшін қажетті шеңберіндегі шаруашылық қызметтің нәтижелері жөніндегі мәліметтерді талдау, кәсіпорын қызметін оңтайландыру мақсатындағы әр түрлі басқару шешімдерінің негізінде оперативті қабылдау жүйесінің есебі болып табылады.

Басқару есебі жүйесінің кейбір элементтері отандық есептің теориясы мен практикасында қолданыс тапқан. Ал жаңа элементтерін еліміздің шарттарына бейімдеу және негіздеу қажет.

Жүйе элементтерінің жиынтық қызметінің тиімділігі біртұтастық ретінде ортақ мақсатқа жетуде өте маңызды. Мұнда нарықтық қатынастар жағдайында басқару әдістерінің, басқару есебінің ортақ жүйесіне объективті біріктірілуі жүріп жатыр деуге болады. Ал орталықтандырылған басқарылатын экономика жағдайында бұл соншалықты тиімді

болмаушы еді.

Кәсіпорынның өндірістік қызметінің мақсаты - өнімді шығару, оны сату және пайда табу. Өндірісте шығындарды басқару есебі кәсіпорынның негізгі мақсаттарын орындауға бағытталған, басқарудың анықталған моделіне сәйкес келетін бақылау мен шығындарды пайдалануды және өткен нақты уақыттың, болашақ өндірістік қызметтің нәтижелерін талдаудан тұрады.

Өндіріске кеткен шығындарға есепті тағайындаудың маңыздылығы - өндірістік қызметті бақылау және оны орындау үшін қажет шығындарды басқару. Мақсатына қарай және шығындар есебінің бағытына байланысты шығындар құрылымының әр түрлі нұсқалары қолданылады. Шығындар есебінің бағыты дегенде, өндіріске қажет шығындардың мақсатты есебі қажет етілген қызметтің аймағы ретінде түсіндіріледі[5]:

- а) дайын өнімді бағалау мен калькуляциялауға пайдаланылатын қажетті шығындар;
- б) шешім қабылдауға және жоспарлауға негіз болатын мәліметтерді қамтамасыз ететін шығындар;
- в) бақылау мен реттеу жүйесінде қолданылатын шығындар .

Шешім қабылдауда және жоспарлауда балама нұсқалардың қызметін бөлшектеп талдау үшін шығындар мен табыстардың мазмұны тиянақты болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Друри К. Введение в управленческий и производственный учет. Учебное пособие. М.: Аудит, ЮНИТИ, 2008.
2. Бахрушина М.А. Бухгалтерский управленческий учет: учебник для вузов. М.: ЗАО «Финстатинформ», 2009. 533с.
3. Карпова Т.П. Управленческий учет: учебник для вузов. М.: Аудит, ЮНИТИ, 2008. 350 с.
4. Управленческий учет: учебное пособие / Под ред. А.Д.Шеремета. 2-е изд., испр. М.: ИДФБК-ПРЕСС, 2007. 512 с.
5. Назарова В.Л., Фурсова С.Д., Фурсов Д.А. Управленческий учет. Алматы: Экономика, 2011.

УДК 336:947.16

ДЕБИТОРЛЫҚ БОРЫШТАР ЕСЕБІ, ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Шынтемирова Т.Т.

tamarathe1@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Экономика факультеті, «Есеп және аудит» кафедрасы, 3курс студенті
Астана қ., Қазақстан Республикасы,
Ғылыми жетекші - Кайранбеков Б.О.

Заманауи экономикалық жағдайда бухгалтерлік есеп әрбір кәсіпорынның қызметінде елеулі роль атқарады. Ол – кәсіпорындардың қаржылық есептіліктерін дайындайтын ақпараттық база болып табылады. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары әлемдегі анағұрлым дұрыс дайындалған және ілгерімелі болғандықтан, көптеген елдерде халықаралық стандарттарға сәйкес есепті әзірлеп, ұсынуға мүмкіндік бар. Нарықтық қатынастардың жұмыс істеу шарттарының негізі - бухгалтерлік есеп жүйесі мен қаржы шаруашылық іскерлігін талдауды нақты реттеу. Берілген бухгалтерлік есеп пен қаржы-шаруашылық іскерлікті талдау, шаруашылық субъектілердің жұмысы олардың құрылымдық бөлімін оперативті басқару үшін, экономикалық жобалау мен ағымдағы жоспарды құру үшін және соңында, ел экономикасын заңды түрде дамытуды зерттеу үшін қолданады. Қазіргі